

А.Б. Амирбекова<sup>1\*</sup> , Т.О. Орынбасар<sup>2</sup> 

<sup>1</sup>А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Алматы, Қазақстан  
<sup>2</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан  
\*e-mail: marghan01@mail.ru

## ТІЛДІҢ ӨМІРШЕҢДІГІ: КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ ЭКФРАСИСТІ ТАҢУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТІЛДІК РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

Мақалада көркем шығармалардағы сөзбен суреттеу өнері – экфрасис құбылысы тілтанымдық және әдебиеттанымдық аспектілерде қарастырылады. Экфрасистің ұлттық тілдің өміршеңдігін сақтаудағы рөлі, сондай-ақ тілдегі бейнелі сөздердің когнитивтік, семиотикалық және авторлық идиостильдік ерекшеліктерін танытатын маңызды құрал екені негізделеді. Ә. Кекілбайұлының шығармаларындағы мысалдар арқылы экфрасистің тілдегі репрезентациясы ойбейнелерді, сюжеттік және символдық мәндерді тіл арқылы жеткізудің құралы ретінде талданады. Зерттеуде семантикалық талдау, когнитивтік әдіс, идиостильдік, стилистикалық және контекстік талдау тәсілдері қолданылып, экфрасистің мағыналық трансформация үдерістері – симпликация, экспликация, амплификация арқылы тілдің жаңғыруына ықпалы айқындалады. Зерттеу нәтижелері экфрасистің ұлттық тілдің мәдени-танымдық болмысын бейнелейтін және оның өміршеңдігін қамтамасыз ететін тиімді құрал екенін көрсетеді. Мақаланың негізгі мақсаты – көркем әдебиеттегі экфрасис құбылысының тілтанымдық және әдебиеттанымдық ерекшеліктерін анықтау арқылы ұлттық тілдің өміршеңдігі мен ойтанымдық әлеуетін ашу. Теориялық тұрғыдан зерттеу қазақ тілтанымдығында көркем мәтіндегі тілдік бейнелер мен ойбейнелер жүйесін талдаудың жаңа ғылыми мүмкіндіктерін көрсетеді. Экфрасистің троптар мен өзге бейнелі құралдардан ерекшелігі және оның мағыналық трансформацияға ықпалы негізделеді. Экфрасисті когнитивтік және семиотикалық тұрғыдан қарастыру тіл үйрету, әдебиеттану және шығармашылық жазу тәжірибесінде пайдалануға болатын әдіснамалық негіз ұсынады.

**Түйін сөздер:** экфрасис, симпликация, экспликация, амплификация, когнитивті-семиотикалық талдау, идиостиль, ойтаным.

A.B. Amirbekova<sup>1\*</sup>, T.O. Orynbasar<sup>2</sup>

<sup>1</sup>A. Baitursynov Institute of Linguistics, Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

\*e-mail: marghan01@mail.ru

### Language Vitality: Ekphrasis in Literary Texts and Its Linguistic Representation

The article examines ekphrasis, the art of verbal representation, in literary texts from linguistic and literary perspectives. It argues that ekphrasis is an important means of preserving language vitality and of revealing the cognitive, semiotic, and author-specific idiosyncratic features of figurative language. Drawing on examples from the works of A. Kekilbayuly, the study analyzes the linguistic representation of ekphrasis as a means of conveying mental images as well as narrative and symbolic meanings through language. The research applies semantic, cognitive, idiosyncratic, stylistic, and contextual analysis in order to identify how ekphrasis contributes to language renewal through semantic transformation processes such as simplification, explication, and amplification. The findings show that ekphrasis functions as an effective tool for representing the cultural and cognitive essence of the national language and for supporting its vitality. The main aim of the article is to reveal the vitality and cognitive potential of the national language by identifying the linguistic and literary features of ekphrasis in literary texts. Theoretically, the study opens new possibilities in Kazakh linguistics for analyzing systems of linguistic images and mental representations in literary discourse. It also substantiates the distinctive features of ekphrasis in comparison with tropes and other figurative devices, as well as its role in semantic transformation. A cognitive and semiotic approach to ekphrasis may serve as a methodological foundation for language teaching, literary studies, and creative writing practice.

**Keywords:** ekphrasis, simplification, explication, amplification, cognitive-semiotic analysis, idiosyncratic, mental representation.

А.Б. Амирбекова<sup>1\*</sup>, Т.О. Орынбасар<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Институт языкознания имени А. Байтурсынова, Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Кызылординский университет имени Коркыта Ата, Кызылорда, Казахстан

\*e-mail: marghan01@mail.ru

### Витальность языка: экфрасис в художественном тексте и его языковая репрезентация

В статье рассматривается феномен экфрасиса – искусства словесного изображения – в художественных произведениях в лингвистическом и литературоведческом аспектах. Обосновывается, что экфрасис выступает важным средством сохранения витальности национального языка и позволяет выявить когнитивные, семиотические и авторские идиостилистические особенности образного слова. На материале произведений А. Кекілбайұлы анализируется языковая репрезентация экфрасиса как способ передачи мысленных образов, а также сюжетных и символических смыслов посредством языка. В исследовании использованы методы семантического анализа, когнитивного подхода, идиостилистического, стилистического и контекстного анализа, что позволило выявить влияние экфрасиса на обновление языка через процессы смысловой трансформации – симплификацию, экспликацию и амплификацию. Результаты исследования показывают, что экфрасис является эффективным инструментом репрезентации культурно-познавательной сущности национального языка и обеспечения его жизнеспособности. Основная цель статьи – раскрыть витальность и когнитивный потенциал национального языка через выявление лингвистических и литературоведческих особенностей экфрасиса в художественном тексте. В теоретическом плане работа открывает новые возможности для анализа системы языковых образов и мысленных представлений в художественном тексте в казахском языкознании. Обосновываются отличия экфрасиса от тропов и других образных средств, а также его влияние на процессы смысловой трансформации. Когнитивный и семиотический подходы к экфрасису могут служить методологической основой для преподавания языка, литературоведения и практики творческого письма.

**Ключевые слова:** экфрасис, симплификация, экспликация, амплификация, когнитивно-семиотический анализ, идиостиль, мысленное представление.

#### Кіріспе

Сөздің құдіреті мен тілдің өміршеңдігін танытатын құндылық – көркем шығарма. Себебі көркем әдебиет белгілі бір дәуірдегі қоғам тілінің әдеби нормаланған кеңістігі. Көркем әдебиеттің тілі сол ұлттың шығармашылық әлеуетін ғана көрсетіп қоймайды, сол ұлттың мәдени-тілдік болмысын, тілдік бірегейлігін танытатын құрал ретінде қызмет етеді. Сондықтан көркем шығарма тілін зерттеудің бағыты жазушы не ақынның шеберлігін дәріптеуге емес, ұлт тілінің даму өзгерісін тануға, сол арқылы ұлттың ойтанымдық өрісінің дамуын бағдарлауға, сол арқылы тілдің құнарын (мағыналық дамуын, синонимдік қатардың кеңеюін, т.б.) анықтауға бұрылуы тиіс. Осы мақсатта көркем әдебиеттегі сөзбен суреттеу өнерін айшықтайтын экфрасис қызметін де тілтанымдық зерттеулерде тиімді пайдалануға болатынын дәлелдеуге тырысамыз. Себебі экфрасис барлық өнер салаларында қолданылатын әмбебап ұғым болғанымен, оның негізгі қызметі – сөзбен көркемдеу. Бірақ бүгінгі күнге дейін қазақ стилистикасында, қазақ тіл білімінде экфрасис құбылысы мен оның ерекшеліктері арнайы қарастырылмаған, жүйелі зерттелмеген. Осы

мақаланың мақсаты экфрасис ұғымының тілтанымдық және әдебиеттанымдық ортақ термин екенін дәлелдей отырып, оның тіл өміршеңдігін сақтаудағы қызметін дәйектеу. Сонымен экфрасис – грек тілінен аударғанда бейнелеу өнері туындысындағы мән-мағынаны суреттеу арқылы түсіндіру тәсілі. Экфрасис көне грек дәуірінде шешендік өнердегі әсірелеу, бейнелеу құралы ретінде қызмет еткен. Кейін әдебиет техникасы ретінде қолданылған. Одан кейін тілтанымдық, әдебиеттанымдық зерттеулерде экфрасис – визуалды ақиқат бейнені тілдік кодқа айналдыратын семиотикалық амал деп түсіндірілді. Осы сәттен бастап тіл және әдебиет ғылымында экфрасис пен тропқа қатысты шатасқан көзқарастар қалыптасты. Себебі құрылымдық жүйеде троптың қызметі басым болды, ал танымдық жүйеде экфрасистің рөлі жоғары болды. Сол кезеңде ғылымда құрылымдық жүйенің үстемдігі, оның теориялық негіздері маңызды деп саналған болатын. Осылайша экфрасистік құбылыстар зерттеуден тыс қалып отырды. Негізінен экфрасис – бұл тілде бейнелі сөздер болып құрылғанға дейін санада ұйымдасатын суреттеу құбылысы. Демек, экфрасис – ойтанымның нәтижесі. Сондықтан көркем өнердегі экфрасисті зерттеу ұлт

тілі мен танымының аксиологиялық ақиқат бейнелерін анықтаумен тең.

Тіл арқылы ұлттық танымды ажырату сөздің мағынасын тану арқылы айқындау деген тұжырым жеткіліксіз немесе өзге тілде жоқ, яғни эквиваленті жоқ сөздер арқылы ұлттық тілдің болмысын таныту деген де толыққанды зерттеу емес. Тілдегі ұлттық сөзсаптам реңкін айқындау сол халықтың тұрмысы мен тіршілік қамындағы ақиқат бейненің көрінісін сезіндіру арқылы жүзеге асады. Бұл үдеріс сол халықтың дүниетанымынан туындаған ойдың бейнесінен құралады. Экфрасистің ерекшелігі – қалыпты тілдік дайын өнімді пайдаланбайды, оның орнын сюжетті немесе бейнелі ойсуретпен алмастырады. Сондықтан, экфрасис – когнитивтік, семиотикалық, тілтанымдық, әдебиеттанымдық құбылыстардың интеграциясында қалыптасатын дүниетаным бірлігі. Экфрасис – санадағы ақиқат дүниенің бейнелі көрінісі болғандықтан, шынайы бейнесі болғандықтан, тілдегі репрезентациясы да өзге тілден көшірілген немесе аударылған түсінік болмайды. Осы тұрғыдан экфрасис – ұлттық тілді сақтаушы, оның өміршеңдігін қамтамасыз етуші түрткіжайттардың бірі болмақ.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы экфрасистің қазақ көркем мәтініндегі тілдік репрезентациясын тілдің өміршеңдігі мәселесімен сабақтастықта қарастырудан көрінеді. Сонымен қатар мақалада экфрасистің симпликация, экспликация, амплификация үдерістерімен байланысы нақтыланып, Ә. Кекілбайұлы идиостиліндегі экфрастик бірліктердің когнитивтік және семиотикалық қызметі сипатталады.

### Материалдар мен әдістер

Көркем шығарма – тілдің өміршеңдігін бағалайтын өлшемге ие деген тұжырымды дәлелдейтін әдістердің қатарында мағынаның жаңаруын анықтайтын семантикалық талдау әдісі, сөздің эстетикалық өзгеруі мен көркемдік өзгерісін салыстыра зерттеудің жаңа стилистикалық әдістері, ойбейнелер мен тілдік бейнелердің сабақтастығын анықтайтын когнитивтік әдістер, ұлттық құндылықтардың бейнесі мен жазушылық көркемдеу инновацияларының ұштасуын айқындайтын идиостильдер, ақиқат дүниенің авторлық (тұлғалық) бейнелері жиынтығы мақаламыздың зерттеуіне негіз болды.

Семантикалық талдау қарапайым сөздің мағынасын танытумен шектелген жоқ, мағынаның ығысу құбылысында пайда болатын симплифи-

кация, экспликация, амплификация үдерістерін ашып көрсету, мысалмен дәлелдеу мақсатында қолданылды.

Симпликация – күрделі немесе бейнелі сөзді көпшілік (базалық) қолданыстағы синонимдермен түсіндіру немесе тар мағынадағы ұғымдарды жалпы атауымен сипаттау, яғни гипонимдерді гиперониммен түсіндіру. Осы тұрғыдан алғанда симпликация үдерісі ең өнімді мағыналық трансформация түрі ретінде айқындалған. Бұл құбылыс барысында бастапқыда бейнелі, экспрессивті сипатқа ие сөзқолданыстардың біртіндеп дерексізденіп, атаулық (номинативтік) мағынаға ауысатыны байқалады. Нәтижесінде тілдік бірліктердің образдылығы әлсіреп, олар ресми немесе терминологиялық қолданысқа бейімделетіні дәлелденген. Мысал ретінде «Ақ орда», «ақ үй» атауларының «резиденция» мағынасында тұрақтануы көрсетіледі. Бұл үрдіс тілдің функционалдық стильдер арасындағы өзара ықпалдастығын және лексикалық бірліктердің прагматикалық қайта бағдарлануын дәлелдейді. Симпликация – оқырманға мәтінді тез түсінуге, эмоционалды әсерін жылдам сезуге мүмкіндік беру мақсатындағы мағыналық трансформация түрі. Мысалы, *шылдыраған шәкір шайма – жуынды*. Осындағы жазушының экфрасисі – сылдыр судың даусын – *шылдыраған* деп беріумен, *шәкір* – қанағаттанушы мағынасындағы сөзді құнарсыз қалдық мәнінде түсіндіруімен, *шайма* – шайынды, жуынды мағынасында қолдануымен құрылған. *Сыыр құсап кебек жалап атым, ит құсап шылдыраған шәкір шайма бірдеңені нәрем етіп өзім көресіні әбден көрдім. Әйтеуір, етімнің тірілігінен әзер аллалап елге жеттім* (Ә. Кекілбайұлы «Елең-алаң»). Бұл бейнелі қолданысты бір ғана сөзбен (жуынды) симпликациялық тәсілмен түсіндіру тиімді деп таныдық.

Экспликация – түсіндірме, дефинициялық талдау, бұл тәсілге бір сөзбен немесе синониммен түсіндіру жеткіліксіз. Сондықтан экспликацияда мән-мағынаны жіті ашып талдау талап етіледі. Экспликация үдерісі көркем мәтіндегі астарлы, символдық мағыналардың ашылып, нақты түсіндірмелі сипат алуы арқылы жүзеге асқан. Бұл трансформация түрі тарихи-семантикалық өзгерістермен тығыз байланысты. Мәселен, «мәжіліс» сөзінің бастапқыда «ойын-сауық, басқосу» мағынасында қолданылып, кейіннен «алқалы орган, заң шығарушы құрылым» деген терминологиялық мәнге ие болуы – мағынаның нақтылану, институционалдану үдерісін

көрсетеді. Бұл құбылыс тілдегі ұғымдардың әлеуметтік-мәдени өзгерістерге тәуелді екенін айқындаған. Мысалы, *ішіне құлта сақтамау*. *Ішіне сыр бүкпеу. Оған ішіне құлта сақтамай ашық сөйлескен. Онысы елші мынау бейтаныс өлкенің шын жағдайынан мейлінше толық хабардар болса, бұның айтқанына бірден құлақ асып, тізе қосысып әрекет қылар деген ой еді* (Ә. Кекілбайұлы «Үркер»). Негізінде қазақ тілінде құлта – өкпе, реніш мағынасын білдіреді. Бірақ мағыналық кеңею үдерісінде құлта – сыр, құпия мәнін білдіретін атауға айналғанын да көркем шығармаларда көп байқаймыз. Түп мәнінде құлта – затты ұзақ сақтауға арналған көмбе, зат салуға арналған қалта мәніндегі заттық атау болған. Көмбе ұғымынан өкпе-реніш, одан кейін құпия-сыр мағынасын ілестіріп алуындағы сабақтастық үшеуі де тән сақтау, сақталу ортақтығы. Осылайша экспликациялық мағына ығысуының да экфрасис құбылысын тудыратынын және тілдегі ұғымдардың жаңғыруына ықпал ететінін байқадық.

Амплификация – мағынаны әсірелеу, күшейту мақсатында пайда болған реңктердің қалыптасуынан пайда болады. Амплификация үдерісі көркем мәтінде экспрессивтік-бағалауыштық реңкті күшейту мақсатында жүзеге асатын семантикалық кеңею ретінде сипатталған. Мұнда сөз мағынасы әсіреленіп, метафоралық немесе перифразалық қолданыс арқылы беріледі. Мысалы, «жүгенсіз алыптар» тіркесі «ірі держаулар» ұғымын эмоционалды-бағалауыштық тұрғыдан жеткізсе, «мандат иелері» – «депутаттар» атауының стилистикалық баламасы ретінде жұмсалады. Бұл үдеріс тілдің бейнелеу мүмкіндігін арттырып, авторлық дүниетаным мен бағалау жүйесін айқындаған. Амплификация – жазушы не ақын танымында туындаған экфрасистің тілдегі ақиқат бейнесі. Санада қалай суреттелсе, тілде дәл солай баяндалатын бейнелі метафоралар мен эпитеттердің көрінісі. Мысалы, *іргені ешкімге шұқытпай отыру – жеріне қол салдырмау, шегарасына ешкімді шабуылдатпау. Ендігі жалғыз амалы орысқа одақтас бол деп басын қатырмай, «қол астыңа ал, жауға шап десең, жауға шабайын, қарап отыр десең, қарап отырайын, әйтеуір мынау башқұрттар мен қалмақтар құсатып, іргемді ешкімге шұқытпай бейбіт отырғызсаң болғаны» деу* (Ә. Кекілбайұлы «Үркер»). Бұндағы жазушы экфрасистің талдап көрейік: *ірге* – орыс пен қазақ жерін бөліп тұрған шегара. *Шұқытпау* – қоныстанбау, шегараны кесіп өтіп, жерді пайдаланбау. Ампли-

фикация мағыналық ығысудың ең күрделі түрі, жазушының ойтанымындағы суреттің тілде сол қалпында түсінуінен туындаған сөзқолданыстардың мағынасын дұрыс тану, түсіну өте қиын. Бұл үдеріс мәнмәтіндік (контекстік) талдау арқылы жүзеге асады.

Сондай-ақ мақалада экфрасистік құбылыстың тілдік репрезентациясын анықтаудағы мағыналық ығысуды стилистикалық талдау арқылы дәйектеу барысында базалық мағына – символдық мағына – эстетикалық мағына, т.б. бірінен кейін бірі туындайтын мағыналық иерархиялар тізбегі жасалды.

Экфрасис авторлық идиостильдің көрсеткіші болғандықтан, жазушының ойсуретіне талдау жасарда когнитивтік әдістер қолданылды.

Зерттеу материалы Ә. Кекілбайұлының тарихи және көркем прозалық шығармаларындағы экфрасистік қолданыстардан тұрады. Талдау барысында мәтіндегі ойбейне, бейнелі сөз, этномәдени деталь, авторлық фрейм және мағыналық трансформацияға ұшыраған бірліктер іріктелді.

### Әдебиеттерге шолу

Тілдің өміршеңдігінің өзіндік өлшемшарттары болатыны әлеуметтік тілтанымдық зерттеу нысаны ретінде зерттелуде. Осы тұрғыдан И. Тодорова тіл өміршеңдігінің 5 параметрін атап өтеді: «әлеуметтік-саяси; әлеуметтік-демографиялық; тілтанымдық; әлеуметтік-функционалды, ұлттық-мәдени өлшемдер тілдің өмір сүру деңгейін анықтай алады. Соның ішінде әлеуметтік-саяси өлшемдерге тілді қолдау және дамытуға қатысты мемлекеттік бағдарламалар, тіл саясаты, тілдік жоспарлау, тілдік баспасөз басылымдарының белсенділігі жатады. Әлеуметтік-демографиялық өлшемге жалпы тілде жетік сөйлейтіндердің санағы, этникалық топтардың саны, жас ұрпақтың қатарындағы тіл тұтынушылардың санын өлшеу арқылы тілдің өмір сүру деңгейін анықтау жатады. Тілтанымдық өлшемдер қатарына әдеби тілдің қызметі, тілдік норманың тұрақтылығы, бейнелі тіркестердің тұрақталуы, универбтелуі, төл тілдің терминделуі, кірме сөздің азаюы, т.б. мағыналық кеңею өзгерістері жатады. Әлеуметтік-функционалды өлшем қатарына білім берудегі тілдік қолданыстың сапасы, тіл қызметтерінің көбеюі, кеңсе тілінің жеңілдеуі, қарапайымдалуы, түсінікті болуы, т.б. енеді. Ұлттық-мәдени өлшем – өнер саласындағы тілдің дамуы, кино тілі, театр тілі, сахна тілінің жетілдірілуі, көрермендердің тал-

қысында болуы, көркем шығармалардағы нақыл сөздер мен бейнелі сөздердің көпшілік қолданысқа енуі мәселелерін анықтауға бағытталады» (Тодорова, 2018, б. 118).

М. Кондратенко зерттеуінде тілдің өміршеңдігі әлеуметтік тілтаным аясындағы зерттеумен шектелмеуі қажет, тілдің өмір сүру деңгейін анықтау шеңберінің кеңеюі мен зерттеу нысанының артуына қарай миграциялық тілтаным саласын қалыптастырды (Кондратенко, 2005, с. 285). Себебі жергілікті тіл ерекшеліктері, диалектизмдердің дамуындағы өзгерістер де тілдің өмір сүру деңгейін анықтайды. Себебі шегаралас мемлекеттердің арасындағы халықаралық қатынастар тіл араласуы мен мағына ығысуы мен кеңеюіне ықпал етеді. Сондықтан көші-қоны көп, аралас-құралас өмір сүретін елдімекендегі тілдің дамуы мен тұрақты халқымен сақталған ауыл не қаланың тілдік деңгейі екі түрлі нәтиже береді.

Байқап қарасақ тілдің өміршеңдігі расымен әлеуметтік лингвистика нысаны ғана емес, бұл мәселе тілдің барлық саласына қатысты күрделі мәселе. Дегенмен, әлемдік тілтанымдық зерттеулерде де тілдің өміршеңдігіне нақты анықтама берілген емес. Керісінше тілдің жойылу түрлері мен түрткіжайттары туралы зерттеулер көп. Мәселен, Ф. Гари мен П. Мелвин тұжырымынша, тілдің жойылу деңгейін бағалау, тіл білімінің тіл жаңғырту бағдарламаларына қосатын үлесі, табысты тілдік қалпына келтіру бағдарламаларын жасау, ұрпақаралық берілуі үзіліске ұшырағаннан кейін жаңғырту нәтижесінде пайда болатын тілдердің қалыптасуын бақылау тілдің өмір сүру уақытын анықтауға мүмкіндік береді дейді (Gary, Melvyn, 2013).

Гальпериннің пайымдауынша: «Көркем мәтін коммуникацияның ерекше формасы ретінде төмендегі коммуникациялық параметрлердің өзара әрекеттесуін қарастыруды талап етеді:

- тіл жүйесі және осы жүйенің әдеби мәтіндерде жүзеге асуы;
- тілдік жүйенің құрылымы және көркем мәтінді шығармашылық тұрғыдан тудыру ережелері;
- тілдік деректерді жүйелеу және көркем мәтіннің «грамматикалануы»;
- көркем мәтіннің ақпараттылық сипаты мен коммуникативтік ерекшелігі;
- кодтар жүйесінің қызмет ету ерекшеліктері және көркем мәтіннің семиотикалық табиғаты;
- көркем мәтінді кодтау, қабылдау, декодтау және интерпретациялау үдерістерінің ерекшеліктері;

- адресант (жазушы), жеке адресат (оқырман) және оқырман аудиториясы арасындағы өзара қатынас;

- жазушының эстетикалық-бейнелі жүйесінің даралығының көрінісі және оның баяндау жүйесімен (әдебиетпен) – адамзат ойының қазынасы ретіндегі ортақтығы;

- объективті және субъективті модальдылықтың ерекшеліктері (Гальперин, 2004, с. 113–123).

Осы орайда көркем мәтіннің семиотикалық табиғаты мен оны интерпретациялау, былайша айтқанда санадағы бейнені тіл арқылы түсіну, түсіндіру, оның астарлы мағынасын ашу мәселесі тілдің басқа өнер түрлерімен өзара байланысы контекстінде тереңдей түседі. Мұнда кез келген жазушы немесе ақынның сөзбен салған суреттерінің артында қандай терең философиялық, психологиялық мағына жатқанын оқырманға талдап, түсіндіру үлкен маңызға ие. Әдебиет, тіл өнері әрдайым өзге де мәдени және көркемдік салалармен, атап айтқанда, театр, музыка, сәулет, кескіндемемен сабақтаса дамиды. Ю.М. Лотманның пайымдауынша, өнер жүйесінің бір мағыналы емес, көптілі сипатта болуы және өнер тілін екінші жүйеге, мысалы кескіндемеге моносемантикалық тұрғыдан тікелей аударудың мүмкін еместігі мәтінде ерекше «мағыналық жарылыс» туғызады (Лотман, 2016, с. 63). Бұны былай түсіндіреміз: сіз тамаша бір әуенді тындадыңыз немесе керемет сәулет, сурет секілді өнер туындысын көрдіңіз. Құлағыңыз тындап, көзіңіз көрген сұлулықты жүз пайыз айнытпай сөзбен жеткізе аласыз ба? Жоқ. Ал жазушының, ақынның шеберлігі, өзіндік қолтаңбасы, идиостилі осында көрініс табады. Ол өз сөзімен, метафораларымен оқырманның санасында мүлдем жаңа, бұрын-соңды болмаған үшінші бір терең мағына қалыптастырады. Осы жағдайда жоғарыда келтірілген кез келген өнер туындысының тілмен ұштасқан сәтінде Ю.М. Лотман келтіргендей, «мағыналық жарылыс» пайда болады, яғни оқырманның санасында өзгеше ойсана мен тілдің үшқыны бір арнада қалыптасады. Мұндай семантикалық жарылыс пен интерсемиотикалық тасымалдаудың айқын үлгісі ретінде экфрасис құбылысын атауға болады. Экфрасис – белгілі бір көркем тұтастықты вербалды, яғни сөздік нысандарға көшіру, бір өнердің екінші бір өнер құралдарымен алмасу үдерісі болып табылады (Gautier, 2002). Бұл феномен мәдениетаралық және тіларалық коммуникация кеңістігіндегі динамикалық өнер дискурсының көпдеңгейлі құрылымын айқындайды (Третьяков, 2009). Қазір-

гі лингвокогнитивтік парадигмада экфрасис жай ғана сыртқы сипаттау тәсілі емес, мәтіннің тасасындағы айқын емес, астарлы коннотацияларды кодтан шығаруға бағытталған күрделі менталды әрекет ретінде танылады (Рикер, 1995). Яғни қаламгер тек сөзді әсемдеп жеткізбейді, ол оның астына үлкен құпия ой, астар жасырады. Мәтінді оқып отырған оқырман сол суреттеуді оқыған кезде оның миында үлкен жұмыс басталады, оқырман автордың жұмбақтаған кодын шешеді, біздің мақсатымыз – осы лингвокогнитивтік парадигма аясында сол жасырын астарды (кодты) ашып көрсету. Өйткені тіл жүйесі адам санасы мен әлем онтологиясын бейнелейтіндіктен, экфрастикалық образдарды қабылдау мен бағалау тікелей лингвокогнитивтік үдерістермен ұштасып жатады (Болдырев, 2014).

Экфрасиске қатысты зерттеулер қазіргі әдебиеттануда барған сайын маңызды бағыттардың біріне айналып келеді. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, постмодернистік мәдениетте сөздің «қозғалмалылығы» ерекше байқалады. Сөз мәнерлілік пен бейнелілік қасиетке ие болса, ал бейне баяндаушылық қасиетке ие болады. А. Гафурованың зерттеуінде: «Экфрасистің барлық әдеби мәтіндерге ортақ әмбебап қызметтерін анықтау іс жүзінде мүмкін емес. Оның қолданылу шарттары кең әрі көпқырлы, әрбір автор бұл әдеби тәсілді өзінің бірегей мақсатына сәйкес пайдаланады. Ал әрбір әдебиеттанушы мәтінді экфрастикалық талдау барысында нақты зерттеу мақсаттарын айқындай отырып, түптеп келгенде белгілі бір арнайы қызметтерді бөліп көрсетеді» (Гафурова, 2021).

Р. Ходель «Экфрасис және айтылымның «демодализациясы» атты мақаласында экфрасис бір мезгілде нақты объект әрі образ бола отырып, айтылымның модальдылығын бөліп, жіктейтінін атап өтеді. Модальдылық деп Р. Ходель «шынайылықты бекіту дәрежесі мен сөйлеушінің баяндалып отырған шындыққа қатынасын» түсінеді. Зерттеуші көркем шығарма мәтінінде картинаның негізгі символикалық мағынасын интерпретациялау «экфрасис иллюзиясын» тудыратыны туралы ойды дамытады. Бұл жағдайда картинаның өзі емес, оны тамашалаушы тұлға ашылады (Ходель, 2002).

Шарапованың тұжырымынша: «Көбінесе экфрасистің функцияларын белгілі бір шығарма аясында зерттеу барысында әдебиеттанушылар экфрасисті тар мағынада түсіндіру нұсқасын қолданады, яғни оны ең алдымен визуалды бейнелерді сөз арқылы жеткізу деп қабылдайды»

(Шарапова, 2024). Н. Брагинская зерттеуінде: «Экфрасистің функциялары тікелей жазушының жеке ұстанымына байланысты айқындалады. Оның өнермен қарым-қатынасы арқылы шығарма туралы неғұрлым терең әрі мәнді идеяларды анықтауға болады» (Брагинская, 1977). Грегори Норминтонның «Ақымақтар кемесі» романындағы живописный экфрасис функциялары» атты еңбегінде Н.С. Бочкарева экфрасис функцияларының өзіндік жіктемесін ұсына отырып, метанарративтік, хронотоптық, пародиялық, баяндаушылық, эстетикалық (эротикалық), композициялық, аллегориялық және дидактикалық түрлерін бөліп көрсетеді. Ол бұл жіктемені әдебиеттегі көркемділік модустарына сүйене отырып, түрлі ситуациялар, кейіпкерлер және оқырманның шығарманы қабылдауы тұрғысынан айқындайды (Бочкарева, 2009). Экфрасисте айқын иконикалық құрамдас бөлік басым болады. «Сөзбен сурет салу» үшін ол жоғары дәрежедегі «ұқсастыққа» ие болуы тиіс, яғни өзінің референті айқын көрініп тұратын мөлдір белгі болуы керек. Экфрасистің негізгі қызметі – оқырманға менталды визуализация үдерісін қамтамасыз ету, яғни тікелей қабылдауда жоқ нәрсені «сананың көзімен» көруге мүмкіндік беру. Мысалы, бейнеленетін нысанның пішіні, түсі, құрылымы, оның кеңістікте орналасу тәсілі және басқа да сипаттамалары (Петровская, 2010). Экфрасис сондай-ақ картинаның кейіпкерлерінің менталды кеңістігіне енуге мүмкіндік береді. Суретші бүркіттің ойын тікелей бейнелей алмайды (оның төмен түсіп бара жатқанын ба, әлде жоғары көтеріліп бара жатқанын ба білмейді), бірақ оқырманға осы ойларды «естуге» мүмкіндік беретін жағдай жасай алады. Кең аспанда жалғыз қалықтаған бүркіттің бейнесі (таң сәтінде аспан тым кең) көкжиектің ортасында орналасқанымен, өзінің табиғаты жағынан статикалық сипатқа ие. Осыдан бүркіттің кеңістікте қалықтап тұрғандай әсері туады және оның төмен түсіп келе жатқан сәті ме, әлде жоғары көтерілу сәті ме екені беймәлім күйде қалады (Бразговская, 2020).

### Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу нәтижелері экфрасистің көркем мәтінде бірнеше қызмет атқаратынын көрсетті: ол ойбейнені тілде репрезентациялайды, мағыналық трансформацияның тетігі болады, авторлық идиостильді танытады және ұлттық тілдің көркемдік әлеуетін сақтауға қатысады. Осыған байланысты талдау экфрасистің когнитивтік, се-

миотикалық және стилистикалық қырлары бойынша жүргізілді.

Экфрасистің когнитивтік және семиотикалық табиғатын авторлық ойбейненің тілдік репрезентациясы арқылы байқауға болады. Бұл құбылысты Ә. Кекілбайұлы шығармаларындағы төмендегі мысалдар айқын көрсетеді.

Мысалы, Ә. Кекілбайұлының көркем тіліндегі бейнелі сөздердің құрылымы тұтас бір ойсуретке негізделеді. «Ұры уайым қыңсылау» тіркесі «күмәнді күдік көкейден кетпей қою» мағынасындағы бейнелі қолданыс ретінде жазушы танымындағы «уайым – иттің аянышты, мазасыз күйі» деген суретпен сабақтасып жатыр. Осы ойсурет автор тудырған экфрасистің негізін құрайды, ал оның тілдік репрезентациясы «қыңсылау» сөзі арқылы жүзеге асқан. «Тевкелевтің көңіліндегі ұры уайым тағы да қыңсылай бастады» (Ә. Кекілбайұлы, «Үркер») деген қолданыс уайым ұғымының қазақ танымындағы дәстүрлі символдық өрісін де кеңейтеді: бұрын көбіне сары түспен (сары уайым, уайымдап сарғаю) байланыстырылатын бұл ұғым мұнда үздіксіз, мезі ететін үн арқылы танылады. Демек, экфрасис жай троп емес, белгілі бір суретке, сюжетке және ойбейне жүйесіне негізделетін күрделі көріктеуіш-бейнелеуіш тетік болып табылады.

Сол сияқты, Ә. Кекілбайұлы шығармаларындағы «шаңырақтан іңгә шықпау» қолданысы да экфрасистік ойсуреттің нәтижесі ретінде танылады. Кез келген қазақ оқырманы бұл тіркестің мағынасын арнайы түсіндірмесіз-ақ ұғынады, өйткені «іңгә» қазақ тілінде жаңа туған нәрестенің даусын білдіреді. Осыған сәйкес, «шаңырақтан іңгә шықпау» тіркесі баласыздық, үйде сәбидің болмауы, ұрпақ сүйе алмау мағынасындағы бейнелі сөзқолданыс ретінде қабылданады. «Абдолланың төре қызы әйелі біразға дейін бала көтермей шаңырақтан іңгә шықпады деп уайымдап жүргенде...» (Ә. Кекілбайұлы, «Үркер») деген сөйлемдегі бұл құрылым – экфрасис құбылысының айқын нәтижесі. Нормаланған тілдік репрезентацияда бұл мағына «шыр етіп дүниеге бала келмеу» түрінде берілуі мүмкін. Алайда экфрасистің ерекшелігі – дайын тілдік үлгіні қайталамай, оның орнына ұлттық танымға негізделген бейнелі ойсуретті ұсынуында.

Экфрасис – суреткердің көркемдік әлем жасау моделі. Мәселен, жазушы Ә. Кекілбайұлының экфрасис жасау шеберлігін талдап көрелік. Жазушының көркемдік әлем жасау моделінің бірі – адам портретін сомдауы. Әйтеке бидің келбетін былайша суреттейді:

*Жиыннан қайтқан ұлы дүрмектің алдында тұрқы есік пен төрдей шұбалған шабдар жорғаның үстінде шалқая ыңылдап екі ығына екі кісі мінгендей апай төс алпамса кісі келе жатты. Ол – атақты Әйтеке би. Тұлға-тұрпаты, жүріс-тұрысы, жан-жағына көз тастасы елдің қас-қабағын баққан биден гөрі қасындағылардың бәрінен айдынын асырып асқақтай қарайтын батырға келіңкірейді. Ол мынау далиған даланың төрдегі ақ сүйегі мен есіктегі қара сүйегіне бірдей қадірлі, бірдей батымды еді (Ә. Кекілбайұлы «Үркер»).*

**Дене тұрқы, мінез-құлық:** «тұрқы есік пен төрдей шұбалған шабдар жорғаның үстінде шалқая ыңылдап...» – тұлғаның биік, батырлық келбеті мен еркін қозғалысы көрсетілген.

**Көркемдік детальдар:** «екі иығына екі кісі мінгендей апай төс алпамса кісі» – фигураның салмағы мен беделі арқылы күш-қуатты бейнелеу.

**Менталды кеңістік:** «жүріс-тұрысы, жан-жағына көз тастасы елдің қас-қабағын баққан биден гөрі... асқақтай қарайтын батырға келіңкірейді» – бұл оқырманға кейіпкердің ішкі көңіл күйін, батырлық сезімін сездіреді. Бұл суреттеуде экфрасис тек визуалды емес, сонымен қатар символикалық мәнге ие болған: «далиған даланың төрдегі ақ сүйегі мен есіктегі қара сүйегіне бірдей қадірлі, бірдей батымды еді» – Әйтеке бидің қоғамдағы беделі мен әділдігін, барлық адамдарға бірдей қатынасын бейнелейді. Бұл бейне оқырманға тұлғаның моральдық қасиетін де көрсетеді, яғни мәтін арқылы эстетикалық және этикалық ойды жеткізеді.

Көркем туындыдағы кейіпкер портреті тек сыртқы келбетін суреттеу ғана емес, кейіпкердің ішкі әлемін терең зерттеу болып табылады. Әдебиетте адамның портретін физикалық жағынан да, психологиялық жағынан да көрсетуге болады және көбінесе сюжеттің дамуында және шығарма атмосферасын жасауда маңызды қызмет атқарады. Көркемдік әлемдегі кейіпкердің портретін жасағанда ескерілетін тетіктер:

Физикалық сипаттама – сыртқы келбеті: кейіпкердің түрі, оның ішінде бойы, дене тұрқы, көзінің, шашының түсі, бет ерекшеліктері, киімі толық сипатталады. Бұл суреттеу оқырманға кейіпкерді визуализациялауға ықпал жасайды.

Мысалы, Әбіш Кекілбайұлы кейіпкердің бет-әлпетіндегі әрбір мүшенің стандарттан бөлек әсерлі суреттейді:

*Тырысқан маңдайының әжім екеш әжімі де білем-білем. Түксиген жүндес қабағы, екі танауы делдиген етті мұрыны, томсырайған қапқалың еріндері өз салмақтарын өздері көтере алмай тұрғандай салбырап-салбырап кеткен. Сол бір шетінен салбырап, шетінен тұнжырап тұрған зіл-батпан бет-әлпеттің бар салмағы соған түсіп әбден болдыртқандай кіржиген ала көз кісіге түспей, айдалаға кілгіре қарайды (Ә. Кекілбайұлы «Үркер»).*

Бұнда маңдайдан бастап ерінге дейін жоғарыдан төмен қарай ретімен бейнеленеді: білем-білем әжім, жүндес қабақ, етті мұрын, салмағын көтере алмаған ерін.

Ерекше белгілер: Кейіпкердің типтік белгілері, оның тыртығы, меңі, қалы немесе киіну тәсілі сияқты кез келген ерекше белгілері сипатталады.

«Үркер» романында алып денелі ірі кісінің дене тұрқына мынадай физикалық сипаттама берілген:

*«Алпамсадай кісі бұтындағы жарғақ шалбардың балағын тізесінен жоғары шиыршықтап түріп қойыпты. Малдасын құрып отырғанда, екі жілінішігінің дәл қыр арқасына біткен қалың түк құлынның жалындай жалбырап көрінеді. Еңгезердей денесі буылтық-буылтық. Екі емшегі апай төсті қақ бөліп, екі жерден салбырай құлапты. Еңгезердей дене жүдырықтай өндірішек арқылы ересен үлкен басқа барып жалғасқан. Қалған бас сүйектен дөңкііп бөлініп шыққан ай маңдай. Қалақтай ат жақ. Шықиыттығы да мынау бет деп аталатын ұлан-асыр кеңістікте жымпып жатып қалғылары келмегендей екі жақтан ереуілдей бой көтеріп, соқиып-соқиып шығып тұр. Дегенмен мырза құдай осынау мол пішілген кісіге де есебін тауып қытыңқылық жасап бағыпты. Шықиыт сүйектің тасасында бұғып жатқан шұнақ құлақты ешкім көре қоймастай. Дәл мынау шарадай бетке анау келте танаудың да тап онша жарасып тұрғаны шамалы. Бірақ, осы бір ұлан-асыр мол дүниені бет-бетіне шашыратып жібермей, бас-аяғын жиып ұстап тұрған әлдебір сиқыр күш бар. Ол алақандай ала көзі сияқты. Қарсы алдынан келгенде, кірпігін қақпай тіке қарайтын үлкен көз қапталынан қарасаң, бір қиығынан сығалай қарайтын сынампаз саңылауға айналып кетеді екен. Сол бір екі сынампаз саңылаудың манадан бері мұның үсті-басын түгел тінткілеп шыққан түрі байқалады» (Ә. Кекілбайұлы, «Үркер»).*

Бұл суреттеу жай суреттеу емес. Қосымша детальдардың ықпалымен көркем бейнелеген. Алпамсадай кісінің жарғақ шалбарға әрең сыйып отырғаны малдас құрғандағы кейпімен дәйектеледі. Денесінің буылтық-буылтық бейнесі екі бүктетіліп жиылғандағы кейпімен суреттеледі. Әрі қарай, кеудеден басқа дейін бір-біріне жалғанған құранды бөлшектер секілді суреттелуі оқырманның көз фильтрінен өткізгендей әсерлі баяндалады: екі емшегі салбырай құлау, еңгезердей дене басқа барып жалғасқан, бас сүйектен бөлініп шыққан маңдай (оның үлкен екенін суреттейді), қалақтай құлақ, ұлан-ғасыр кеңістік – бет, мол пішілген кісі, мол дүниені бет-бетіне шашыратпай ұстап тұрған сиқыр күш – ала көз. Бұның барлығы стандарттан тыс бейнелеулер. Стандарттағы шоқпардай, даңғарадай, төбедей, т.б. бейнелі қолданыстардың орнын басқан әсерлі суреттеме.

Жазушының көркемдік әлем жасау модельдерінің бірі – рухани мәдениеттің суреттелуі. Жазушының тарихи романдарында көш жиі бейнеленеді. «Үркер» романындағы көштің сипатталуы мынадай: *Артынып-тартынған он екі түйе, екі жүз ат. Ұлан-ғайыр дөңдерде шұбыртпа із қалдырып, сары желістен бір танбай, салдырып келе жатқалы қанша күн, қанша түн! Соза-соза мойын да талып, қарай-қарай көз де қажыды. Қара мейлің, қарама мейлің – сол баяғы үйреништі көрініс. Көкке қарасаң да – мелмиіп жатқан көл-көсір құба сұр кеңістік. Жерге қарасаң да – мелмиіп жатқан көл-көсір құба сұр кеңістік (Ә. Кекілбайұлы «Үркер»).* Бұл көште басымдық стандартты бейнелеудегі сияқты жүк артылған түйелерге, керуенге берілмейді. Бұл көште ұзақ уақыт жапан далада жүріп зорыққан, жайлауына жеткенше асыққан, айдалада жалғызсыраған көштің кейпі суреттеледі.

Бұдан бөлек жазушының көркемдік әлемінде этномәдени білімдер суреттеледі. Мысалы, қаралы хабар жеткізушіні танытатын бейнелі детальдар былайша сипатталады: *Қаралы хабар әкеле жатқан кісі ауылдың қарасын көрісімен екі жағына кезек аунап, басын ерге ұрып, өз бетін өзі тырналап, жұлынып бітетін еді гой. (Ә. Кекілбайұлы «Үркер»).* Қаралы хабар жеткізуші елге шауып келетіні сияқты этномәдени білімнің қатарына, ауыл адамы көрінгеннен жерге аунау, басын ерге ұру, өз бетін шымшылау жолындары көркем шығарманың берер ілімі арқылы қосылып отыр.

Сол сияқты Аңырақай шайқасының атауы не себепті солай аталғанын уәждейтін білім

Әбіш Кекілбайұлының романынан көрініс тапқан: – *Әлгілердің аңыраған дауыстары құлағымда әлі тұр!* – дейді Батыр. – *Е, бұл жолы бір сұрапыл шайқас болды. Ойраттардың аңыраған дауысын күллі қазақ түгел естіген шығар. Енді мына жазық Аңырақай атанады ғой, – деді Бөкенбай.* (Ә. Кекілбайұлы «Үркер»).

«Елең-алаң» романында қазақтың ем-домы, көпшілік біле бермейтін емдік тәсілдердің шипасы айтылады. *Көзге жел тисе, оған не ыстық сары майға, не түйенің ыстық сүтіне малып, мақта басса немесе жаңа сойылған қойдың бауырын тартса, бәрі де болмаса, қабырғаны отқа ұстап, ыстықтай көздің қызыл етіне тигізсе, іріңін сорып, ісігін қайтарады. Көз қарыққанда, құрым киізді тесіп томаға кигізеді. Ақ түссе – меруерт моншақты ұнтап түйіп, оны ерітілген балық майына араластырып, май жасап, оймақтай теріге жағып, ауру көзге байлайды немесе кіндіктен жалғыз туған кісіге аш қарында үргізеді. Теріскен шықса – ине байлайды не жас нәрестенің дәретімен жуады* (Ә. Кекілбайұлы «Елең-алаң»). Осындай жұртшылыққа таныс бола бермейтін жосын-жоралғылар «Үркер» романында жиі кездеседі, бұл элементтерді экфрасис ретінде қарап, арнайы зерттелмесе елеусіз қалатын сияқты.

Әбіш Кекілбайұлының экфрасистік қолданыстары, сондай-ақ бейнелі ұқсату тәсілдері тіріні жансыздандырып, жансызға жан бітіретін амалдарымен ерекшеленеді. Мысалы, «*босағаны мойнына іліп жүру*» деген көріктеуіш құралын мәнмәтін ішінде ғана тани аласыз. Қызы бар үйдің босағасына мойнын сұғып торуылдап жүретін жігіттің қылығы «қызқұмар», «көрсеқызар», «көзі тұрақтамайтын жігіт» сияқты стандартты айқындауыштармен бейнеленбей, әдемі қыз көрсе есігіне дамыл бермейтін жігіттің қылығын басымдыққа алуы жазушының көркем көзбен қарау шеберлігі арқылы жүзеге асып тұр. *Балпан бай бұ патшағар жаңағы қызды тауып әкел деп бақырып-шақыра ма деп жаман қорқып еді, айналайын, олар біздің мына өз атқа мінерлеріміздей қыз көрсе, құлқыны құрып, босағанды мойнына іліп жүрмейді екен, етке тойып ап, қымызға қанып алып, торсып жатты да қойды* (Ә. Кекілбайұлы «Бәсеке»).

Сол сияқты жазушының экфрасис жасау ұсталығы – ұқсатылмайтын дүниелердің сәйкестігін тауып теңестіруі. Мысалы, «*көкірекке күл төгу*» метафорасын жасаған жазушының танымында сатқындық мағынасын көріктеуіш бейнелердің құрылымдық детальдерімен емес,

сатқындық мазмұнына мүлде үйлеспейтін ұғымдармен түсіндіруге ұмтылған. Яғни қазақ танымында күл – жағымсыз, өлім, жоққа айналу сияқты ұғымдармен ассоциацияланады. Осы мазмұнды негізгі тетік етіп, көкірегін тілу, көкіректен итеру сияқты әрекетімен байланыстыруы «көкірекке күл төгу» бейнелі қолданыстың тууына негіз болған. – *Ал енді ана балаң көкірегіңе күл төксе, ағайынға өкпелеме!* – деп, жер тізерлеп орнынан көтерілді (Ә. Кекілбайұлы «Бәсеке»).

Жазушының авторлық суреттеуінің ішінде ұлттық реңк беретін тәсілдері бар. Мысалы, «*қазакеңнің жаламы*» метафорасында қазақтың ашқарақтығы, тамақсаулығы астарланып тұр. *Жарайды, бірер күн қара көжеге тойып, қарынын тыр-тыр қасыр... Бірақ, отырықшы жұрттың ұдай ұрасы қазакеңнің жаламына қанша күн жүзгін болмақ?!* (Ә. Кекілбайұлы «Үркер»).

Әбіш Кекілбайұлының бейнелі сөзорам жасауда ойын көркемдеп жеткізуде сезімге, эстетикалық танымына бой алдырады. Әбіш Кекілбайұлы білінер-білінбес, еленбейтін елеусіз дүниені танытуда «ақ бетінде ақ» түр-түс моделін қолданған:

*Ақ тақырдың үстіндегі жалғыз сабақ ақ жіптей еміс-еміс қылаңытқан сол сүрлеу көңілдің көптен қапырық уайыммен удай ащы өкініш, ыза жайлап алған қапас күркесіне майға батырып құмалақ шаншып жалғыз тал жалпылдақ шырақ жаққандай, көкірегінде бір ұры сәуле жылт-жылт етеді* (Ә. Кекілбайұлы «Үркер»).

Бұл экфрасисте ақ заттың бетінен ешбір контрасты жоқ ақ жіптің білінбеуі, еленбеуі адам басындағы қара уайымның арасында қылаң ететін үміт секілді теңестірілген. Адамның санасында болып жатқан алай-дүлей шатасқан ойлардың ішінде елеусіздеу көрініп қалатын жақсылыққа жетелейтін үмітті, яғни дерексіз ұғымдардың шимайлана араласуын заттық детальдармен ақ тақтайдан ақ жіп тапқандай көзбен көрсетіп, қолмен ұстатып таныстыруы ой ұшқырлығының, иррационалды эстетикалық аяда ойлау шеберлігінің белгісі.

Әбіш Кекілбайұлының экфрасис жасау үлгісін бірнеше түрге жіктеп көрсетуге болады.

1. Дыбыс бейнелер санада қабылданған, сақталған дауыстарды басқа дыбыстарды ұқсату арқылы жасалған. Мысалы, *үре тіл қатпай, күле тіл қататындай*.

2. Көру арқылы қабылданған бейнелер. Адамның сыртқы болмысын санада сақталған басқа көріністермен теңестіру. Мысалы, әйелдердің бет-бейнесіне, қылығына теңестіру жиі кездеседі. *Ішмерез әйелдің бетіндегі; салдыр-салақ қатынның екі жеңіндегі.*

3. Дерексіз ұғымдарды нақты затпен бейнелеу. *Мес қатық сүйретіп өткендей; майлы қасықтай.* Бұлайша топтастыруымызға Б.Кассиннің мына тұжырымы негіз болды: «Экфрасис ойды батыл түрде кеңейтіп, кез келген вербальдық емес мәтінді сөзбен иконикалық түрде көрсету ретінде түсінуге болады, соның ішінде би, музыка, адам, табиғат дүниесінің артефакттары (аспан, ауа, өсімдіктер), тұрмыстық заттар бар» (Cassin, 2014). Аталмыш талдауды біз оқырманның қабылдауы мен оқылымын жеңілдететін когнитивті-семиотикалық аспект деп қарастырып, көркем мәтінге осылайша когнитивтік талдау жасауға болады деп қарастырамыз, өйткені олар осындай жіті, дәйекті интерпретацияны талап етеді. Себебі көркем талдауда басымдық оқырманға алдын-ала жоқ нысандардың менталды бейнелерін жасауға мүмкіндік беретін когнитивті-семиотикалық тетіктерді түсінуге, анықтауға қойылады. Айта кету керек, кез келген экфрасисті интерпретациялауда референт бейнесі, оның мағыналық интерпретациясы және тікелей тілдік материяны интерпретациялау арасындағы шекараны айқындау өте қиын. Когнитивті-семиотикалық аспект ең маңызды, өйткені ол неге дәл осындай бейне пайда болатынын, ал басқа бейне емес екенін түсінуге мүмкіндік береді.

Әбіш Кекілбайұлының көркемдік әлемінде адамның жақсы-жаман мінез-құлықтарын, қылықтарын бейнелеуіш компонент ретінде алып, кез келген дүниенің қасиетімен сәйкестендіре алатыны, одан бейнеленуші таңбаның дәл мағынасын танытып, оқырманға өз әлеміндегі сол бір нәзік нюансты түсіндіре алуы кімді де болса таң қалдыратыны сөзсіз. Мысалы, сондай таңбалау үлгілері мына эпитеттер құрылымында кездеседі: *үркек ой, сайқал нәпсі, қаңғыма жел, қырмызы бет қызыл сөз.* Көркем прозада әр жазушының өз қолтаңбасын танытатын жиі қолданылатын, әрі бейнелілігімен көзге тез түсетін, оқырманға тез әсер ететін бейнелі сөздердің ішінде көркемдігі ерекше таңба – осындай жеңіл фреймдер. Мысалы, бұрын соңды көркем әдебиетте кездеспеген *дауыс жетім жер, көк найза түтін, әжім-әжім құм* экфрасистерін жасауда жазушы бейнелі таңбаның құрылымындағы бейнеленуші мен бейнелеуші компоненттердің түр-түсіне қарай ұқсастығын үйлестіру негізінде ойын айшықтаған. Адамның өміріндегі, бітім-болмысындағы бір құбылысты таңбалап алып, өзге бір ақиқат дүниенің қасиетін айқыштау үшін қолданып, бейнелі-айқындауыш тіркестер құрастыруы негізінде көркем фреймдер дүниеге әкелген. Мысалы, *жабырқаңқы шөл, қаскөй шөл, далаңбай дақпырт, сылқым бұлақ* фреймдері автордың жеке көркемдік әлемін танытатын бейнелі сөздері болып табылады. Ә. Кекілбайұлының айшықтау бейнелі құралдарын тілдің күдіреті мен өміршеңдігін танытатын, мағынаның кеңейгенін көрсететін өлшемшарт ретінде тануға болады:

#### 1-кесте

*Экфрасис талдау үлгісі*

Бейнелі құрал (экфрасис)	Мағынасы	Мысалы
<i>Қарадан шыққан кемабырой</i>	Ақсүйек емес, бұқарадан туған	Өсеке тұқымының мүшесі (Үркер)
<i>Бұралқы тағдыр</i>	Адасқан, қиын тағдыр	Даладағы талай қиындық (Үркер)
<i>Далаңбай дақпырт</i>	Мақтаншак, бос әуре	Бос сөздер мен өтірік даңғойлық (Аңыздың ақыры)
<i>Дыз етпе ашу</i>	Туындайтын ыза, реніш	Әбілқайырдың ашуы (Үркер)
<i>Елегізбе қазақ</i>	Жалғыз, құлазыған	Далада қиыншылық көрген қазақ (Үркер)
<i>Елті-селті тіршілік</i>	Баяу, болбыраған өмір	Тіршіліктің баяулығы (Үркер)
<i>Дәлдүріш әңгіме</i>	Маңызы жоқ сөз	Қатыспаған мәжілістің бос әңгімесі (Елең-алан)
<i>Ерні тобарсып отырған ауыл</i>	Аш, тамағы құрғап отырған	Барымтаға жұмсалған ауыл (Үркер)
<i>Қара қалмақ</i>	Қазақ ұлтының ертедегі атауы	Құба қалмақ пен кара қалмақ арасындағы дау (Елең-алан)
<i>Қара сүйек қаңғыма</i>	Кедей, бейшара	Ел ұсталған азаматтың жағдайын сипаттау (Үркер)

*Ескерту. Кесте мақала авторлары тарапынан құрастырылған*

## Қорытынды

Қорыта келгенде, тілдің өміршеңдігін бағалау тек әлеуметтік немесе демографиялық көрсеткіштер шеңберінде шектелмеуі тиіс. Мұндай өлшемдер тілдің қолданыс аясын, тұтынушылар санын, ұрпақаралық жалғастығын, қоғамдық қызметін айқындауда маңызды болғанымен, тілдің ішкі сапалық әлеуетін, ұлттық болмыс пен таным жүйесін бейнелеу мүмкіндігін толық ашып бере алмайды. Осы тұрғыдан алғанда, тілдің өміршеңдігін ең алдымен тілтанымдық жүйе аясында, әсіресе әдеби нормасы қалыптасқан көркем мәтін тілі негізінде қарастыру орынды. Өйткені көркем шығарма тілінде ұлттың мәдени-тарихи жады, дүниетанымы, эстетикалық тәжірибесі, образ жасау машығы және тілдік бірегейлігі жинақталған күйде көрініс табады. Демек, көркем мәтін тілі ұлттық тілдің құнарын, мағыналық икемділігін, бейнелеу қуатын және ішкі даму әлеуетін айқындайтын басты көрсеткіштердің бірі болып табылады.

Зерттеу нәтижелері экфрасистің көркем мәтіндегі ойбейнені тілдік формада репрезентациялайтын күрделі когнитивтік-семиотикалық тетік екенін көрсетті. Экфрасис тек сөзбен суреттеу амалы немесе көріктеуіш құрал ғана емес, ол санада ұйымдасқан ақиқат бейненің тілдік құрылымға көшуін жүзеге асыратын, мағыналық трансформация үдерістеріне қатысатын, авторлық идиостильді айқындайтын және ұлттық дүниетанымның тілдік көрінісін танытатын күрделі құбылыс ретінде анықталды. Осы тұрғыдан экфрасисті троптар жүйесімен ғана шектеп қарастыру жеткіліксіз екені байқалады. Ол көркем ойдың терең қабаттарын, образды таным табиғатын және автордың дүниені тіл арқылы қабылдау ерекшелігін ашатын кең ауқымды тілтанымдық әрі әдебиеттанымдық категория ретінде бағалануы тиіс.

Ә. Кекілбайұлы шығармалары негізінде жүргізілген талдау экфрасистің қазақ көркем мәтіндегі репрезентациясын бірнеше қырынан танытуға мүмкіндік берді. Біріншіден, экфрасис авторлық ойсуреттің тілдік таңбаға айналу механизмі ретінде көрінді. Екіншіден, ол бейнелі сөздердің, этномәдени детальдардың, портреттік суреттеулердің, заттық және дерексіз ұғымдардың арасындағы күрделі мағыналық сабақтас-тықты ашты. Үшіншіден, экфрасистің симпликация, экспликация, амплификация сияқты мағыналық трансформация үдерістерімен байланысы айқындалды. Бұл үдерістердің әрқай-

сысы ұлттық тілдің ішкі серпінін, мағыналық кеңеюін, танымдық икемділігін және көркемдік мүмкіндігін күшейтетін факторлар ретінде танылды. Осы арқылы экфрасистің тілдің жаңғыруы мен өміршеңдігін сақтаудағы қызметі нақты мысалдармен дәйектелді.

Мақалада келтірілген талдаулар экфрасистің көркем мәтінде тек эстетикалық әсер туғызатын құрал емес, сонымен қатар ұлттық таным мен мәдени тәжірибені кодтайтын құрылым екенін көрсетті. Әсіресе авторлық идиостиль шеңберінде жасалған экфрасистік қолданыстар дүниені қабылдаудың дара моделін, этномәдени білімнің мәтіндегі қызметін, тарихи және әлеуметтік жадтың көркем формада сақталу тетіктерін айқындады. Бұл ретте экфрасис ұлттық тілдің өміршеңдігін қамтамасыз ететін маңызды тетік ретінде көрінеді: ол тілдің дайын қалыптарын қайталамайды, қайта ойбейне мен дүниетанымдық мазмұнды жаңа тілдік формада ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Осы қасиеті арқылы экфрасис тілдің көркемдік әлеуетін арттырып қана қоймай, оның мағыналық қорын, ассоциативтік өрісін және мәдени жүктемесін байытады.

Зерттеу барысында ұсынылған когнитивтік-семиотикалық және стилистикалық талдау үлгісі көркем мәтіндегі экфрасистік құрылымдарды танудың тиімді тәсілдерінің бірі ретінде бағалануы мүмкін. Мұндай талдау тілдік бірліктің сыртқы мағынасын ғана емес, оның астарындағы ойсуретті, ұлттық танымға негізделген ішкі уәжін, семиотикалық қызметін және мәтіндегі прагматикалық рөлін анықтауға жол ашады. Осыған байланысты мақалада ұсынылған пайымдаулар көркем мәтінді интерпретациялаудың жаңа мүмкіндіктерін көрсетеді және қазақ тілтанымында экфрасисті арнайы зерттеу нысаны ретінде орнықтыруға ғылыми негіз бола алады.

Осы тұрғыдан алғанда, экфрасис көркем мәтіндегі тілдік бірліктердің танымдық, семиотикалық және стилистикалық мүмкіндіктерін ашатын, тіл өміршеңдігін бағалауда ескерілетін маңызды тілтанымдық көрсеткіштердің бірі ретінде қарастырыла алады. Тілдің шынайы өміршеңдігі оның тек қолданыс жиілігімен немесе сөйлеушілер санымен ғана емес, ұлттық құндылықтарды, ақиқат дүниенің ұлттық бейнесін, рухани тәжірибені, тарихи жадты және мәдени реңкті дәл әрі әсерлі жеткізе алу қабілетімен де өлшенеді. Егер тіл осындай күрделі мазмұнды сақтап, оны көркем мәтін арқылы ұрпақ санасы-

на жеткізе алса, онда оның өміршеңдік әлеуеті жоғары деп бағалауға толық негіз бар.

Бұл тұжырым Қ. Алдашева мен Ж. Күзембекова еңбегіндегі қазақ тіл білімінің іргелі және қолданбалы бағыттарын дамыту ұлт тілінің мемлекеттік мәртебесін нығайтумен және оның өміршеңдігін қамтамасыз етумен тікелей байланысты деген ғылыми пайыммен де сабақтасады (Алдашева, Күзембекова, 2025). Шынында да, тілдің өміршеңдігі тек сандық жалғастықпен емес, сапалық жалғастықпен де анықталады. Осыған сәйкес тілдің ұрпақ жалғастығын сипаттайтын екі негізгі критерийді бөліп көрсетуге болады: біріншісі – тілтанымдық жүйедегі тілдің құнарлығы, мағыналық байлығы, бейнелеу қуаты және көркемдік мүмкіндігі; екіншісі – сол тілде сөйлеуші қауымның әлеуметтік-демографиялық сабақтастығы. Осы екі өлшемнің өзара бірлігі ғана тілдің өміршеңдігін жан-жақты әрі ғылыми негізде бағалауға мүмкіндік береді.

Сондықтан көркем туындылардағы ұлттық колоритке бай сөзқолданыстарды, авторлық ой-бейнелерді, идиостильдік экфрастик құрылымдарды ғылыми тұрғыдан жүйелі талдау, оларды түсіндіру және ғылыми айналымға енгізу тілдің өміршеңдігін нығайтудың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Мұндай зерттеулер тек стилистика, семиотика, когнитология және әдебиеттану үшін ғана емес, сонымен бірге тіл үйрету, көркем мәтінді интерпретациялау, ұлттық мәдени кодты тану, шығармашылық жазу тәжірибесін дамыту сияқты қолданбалы салалар

үшін де маңызды. Осы себепті мақалада ұсынылған теориялық пайымдар мен талдау үлгілері қазақ тіл біліміндегі экфрасис мәселесін әрі қарай тереңдете зерттеуге негіз болады деп есептейміз.

### Қаржыландыру

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2025-2027 жылдарға арналған ЖТН АР 26100789 «Қазақ тілінің өміршеңдігі: жазушы тілінің тезаурусын әзірлеу және көркемсөздің семантикалық трансформациясын лингвокогнитивтік аспектіде зерттеу» (Жоба жетекшісі А.Әмірбекова) деп аталатын гранттық қаржыландыру жобасы аясында әзірленді.

### Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

### Мақала авторларының үлесі

А.Б. Әмірбекова зерттеу тұжырымдамасын әзірледі, теориялық негіздемені қалыптастырды, материалдарды талдауға және мақаланың негізгі мәтінін жазуға жетекшілік етті. Т.О. Орынбасар көркем мәтіндерден тілдік деректерді жинақтауға, мысалдарды іріктеуге, оларды талдауға, әдебиеттерді жүйелеуге және мақаланың жекелеген бөлімдерін дайындауға қатысты.

### Әдебиеттер

- Тодорова, И. Д. (2018). Vitality of the Russian language and Russian-language literature. *RUDN Journal of Language Education and Translingual Practices*, 15(2), 118–127. <https://doi.org/10.22363/2312-8011-2018-15-2-118-127>
- Кондратенко, М. (2005). Пограничные диалекты как объект лингвогеографического и социолингвистического исследования. *Научный вестник Чернивецкого университета*, 285, 83–91.
- Gary, F., & Melvyn, P. (2013). Language vitality and endangerment. *The world's languages in crisis*. <https://doi.org/10.1075/slcs.142.01sim>
- Гальперин, И. Р. (2004). *Текст как объект лингвистического исследования*. Москва: КомКнига. <https://www.klex.ru/1je6>
- Лотман, Ю. М. (2016). *Внутри мыслящих миров*. Санкт-Петербург: Азбука.
- Gautier, T. (2002). *Étaux et Camées*. Paris: Gallimard.
- Третьяков, Е. О. (2009). Экфрасис как трансформация и интерсемиотический перевод. *Вестник Томского государственного университета. Филология*, 3(7), 65–72.
- Рикер, П. (1995). *Конфликт интерпретаций. Очерки о герменевтике*. Москва: Медиум.
- Болдырев, Н. Н. (2014). *Когнитивная семантика. Введение в когнитивную лингвистику*. Тамбов: Издательский дом ТГУ им. Г. Р. Державина.
- Гафурова, А. З. (2021). Экфрасис как художественный приём: особенность эволюции и специфика. *Интернаука: электронный научный журнал*, 32(208). <https://www.internauka.org/journal/science/internauka/208>
- Ходель, Р. (2002). Экфрасис и «демодализация» высказывания. В Л. Геллер (Ред.), *Экфрасис в русской литературе* (с. 23–30). Москва: МИК.
- Шарапова, Д. Р. (2017). «Москва – Петушки» Венедикта Ерофеева как синтез интермедиальных кодов. *Филология: научные исследования*, 4, 106–115. <https://doi.org/10.7256/2454-0749.2017.4.24164>

Брагинская, Н. В. (1977). Экфрасис как тип текста: (К проблеме structural-functional classification). В *Славянское и балканское языкознание. Карпато-восточнославянские параллели: структура балканского текста* (с. 259–283). Москва: Наука.

Бочкарева, Н. С. (2009). Functions of pictorial ekphrasis in Gregory Norminton’s novel *The Ship of Fools*. *Вестник Пермского университета. Российская и зарубежная филология*, 6, 81–92. <https://cyberleninka.ru/article/n/funktsii-zhivopisnogo-ekfrasisa-v-romane-gregori-normintona-korabl-durakov>

Петровская, Е. (2010). *Теория образа*. Москва: РГГУ. <https://phc.hse.ru/data/2013/12/11/1339153379/Петровская>

Бразговская, Е. Е. (2020). Экфрасис как семиотический эксперимент. *Критика и семиотика*, 1, 52–72. [https://www.philology.nsc.ru/journals/kis/pdf/CS\\_2020\\_1/05.pdf](https://www.philology.nsc.ru/journals/kis/pdf/CS_2020_1/05.pdf)

Cassin, B. (2014). Image. In *Dictionary of Untranslatables: A Philosophical Lexicon* (S. Rendall, Trans., pp. 478–479). Princeton, Oxford: Princeton University Press.

Алдашева, Қ., & Күзембекова, Ж. (2025). Синергетикалық метатіл vs. синергетикалық үдерістер. *Қазақ ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы*, 4. <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/5046>

## References

Aldasheva, Q., & Kuzembekova, Zh. (2025). Sinergetikalıyq metatıl vs. sinergetikalıyq uderister [Synergetic metalanguage vs. synergetic processes]. *Eurasian Journal of Philology: Science and Education*, 4. <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/5046> (In Kazakh)

Bochkareva, N. S. (2009). Functions of pictorial ekphrasis in Gregory Norminton’s novel *The Ship of Fools*. *Vestnik Permskogo universiteta. Rossiyskaya i zarubezhnaya filologiya*, 6, 81–92. <https://cyberleninka.ru/article/n/funktsii-zhivopisnogo-ekfrasisa-v-romane-gregori-normintona-korabl-durakov>

Boldyrev, N. N. (2014). *Kognitivnaya semantika. Vvedenie v kognitivnuyu lingvistiku* [Cognitive semantics. Introduction to cognitive linguistics]. Tambov: Izdatel’skii dom TGU im. G. R. Derzhavina. (In Russian)

Braginskaya, N. V. (1977). Ekfrasis kak tip teksta: (K probleme structural-functional classification) [Ekphrasis as a text type: On the problem of structural-functional classification]. In *Slavyanskoe i balkanskoe yazykoznanie. Karpato-vostochnoslavjanskije paralleli: struktura balkanskogo teksta* [Slavic and Balkan linguistics. Carpathian-East Slavic parallels: Structure of the Balkan text] (pp. 259–283). Moscow: Nauka. (In Russian)

Brazgovskaya, E. E. (2020). Ekfrasis kak semioticheskii eksperiment [Ekphrasis as a semiotic experiment]. *Kritika i semiotika*, 1, 52–72. [https://www.philology.nsc.ru/journals/kis/pdf/CS\\_2020\\_1/05.pdf](https://www.philology.nsc.ru/journals/kis/pdf/CS_2020_1/05.pdf) (In Russian)

Cassin, B. (2014). Image. In *Dictionary of Untranslatables: A Philosophical Lexicon* (S. Rendall, Trans.) (pp. 478–479). Princeton, Oxford: Princeton University Press.

Gafurova, A. Z. (2021). Ekfrasis kak khudozhestvennyi priem: osobennost’ evolyutsii i spetsifika [Ekphrasis as an artistic device: Features of evolution and specificity]. *Internauka: elektronnyi nauchnyi zhurnal*, 32(208). <https://www.internauka.org/journal/science/internauka/208>

Gal’perin, I. R. (2004). *Tekst kak ob’ekt lingvisticheskogo issledovaniya* [Text as an object of linguistic research]. Moscow: KomKniga. <https://www.klex.ru/1je6> (In Russian)

Gary, F., & Melvyn, P. (2013). Language vitality and endangerment. *The world’s languages in crisis*. <https://doi.org/10.1075/slcs.142.01sim>

Gautier, T. (2002). *Emaux et Camees*. Paris: Gallimard.

Hodel, R. (2002). Ekfrasis i “demodalizatsiya” vyskazyvaniya [Ekphrasis and the “demodalization” of utterance]. In L. Geller (Ed.), *Ekfrasis v russkoi literature* [Ekphrasis in Russian literature] (pp. 23–30). Moscow: MIK. (In Russian)

Kondratenko, M. (2005). Pogranichnye dialekty kak ob’ekt lingvogeograficheskogo i sotsiolingvisticheskogo issledovaniya [Border dialects as an object of linguogeographic and sociolinguistic research]. *Naukovyi visnyk Chernivetskoho universytetu*, 285, 83–91.

Lotman, Yu. M. (2016). *Vnutri myslyashchikh mirov* [Inside the thinking worlds]. St. Petersburg: Azbuka. (In Russian)

Petrovskaya, E. (2010). *Teoriya obraza* [Theory of image]. Moscow: RGGU. <https://phc.hse.ru/data/2013/12/11/1339153379/Петровская> (In Russian)

Riker, P. (1995). *Konflikt interpretatsii. Ocherki o germenetike* [The conflict of interpretations. Essays on hermeneutics]. Moscow: Medium. (In Russian)

Sharapova, D. R. (2017). “Moskva – Petushki” Venedikta Erofeeva kak sintez intermedial’nykh kodov [Venedikt Erofeev’s “Moscow–Petushki” as a synthesis of intermedial codes]. *Filologiya: nauchnye issledovaniya*, 4, 106–115. <https://doi.org/10.7256/2454-0749.2017.4.24164> (In Russian)

Todorova, I. D. (2018). Vitality of the Russian language and Russian-language literature. *RUDN Journal of Language Education and Translingual Practices*, 15(2), 118–127. <https://doi.org/10.22363/2312-8011-2018-15-2-118-127>

Tret’yakov, E. O. (2009). Ekfrasis kak transformatsiya i intersemioticheskii perevod [Ekphrasis as transformation and intersemiotic translation]. *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. Filologiya*, 3(7), 65–72. (In Russian)

**Авторлар туралы мәлімет:**

Әмірбекова Айгүл – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Алматы, Қазақстан, e-mail: marghan01@mail.ru).

Тұрсынбай Орынбасар (корреспонденттік автор) – PhD докторант, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті (Қызылорда, Қазақстан, e-mail: t\_orynbasar@mail.ru).

**Information about the authors:**

Amirbekova Aigul – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, A. Baitursynuly Institute of Linguistics (Almaty, Kazakhstan, e-mail: marghan01@mail.ru).

Orynbasar Tursynai (corresponding author) – PhD doctoral student, Korkyt Ata Kyzylorda University (Kyzylorda, Kazakhstan, e-mail: t\_orynbasar@mail.ru).

**Сведения об авторах:**

Амирбекова Айгүль – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Институт языкознания имени Ахмета Байтұрсынұлы (Алматы, Казахстан, e-mail: marghan01@mail.ru).

Тұрсынбай Орынбасар (автор корреспонденции) – PhD докторант, Қызылорда университетінің Қорқыт Ата (Қызылорда, Казахстан, e-mail: t\_orynbasar@mail.ru).

Келіп түсті: 10 қаңтар 2026 жыл

Қабылданды: 8 маусым 2026 жыл